

**ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ КЕЗІНДЕГІ
ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ**

Астана, 2025 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. ҚР ҒЖБМ «Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ЖБДҰО) Пайдаланушылардың дербес деректерінің құпиялылығын сақтаудың маңыздылығын сезіне отырып және адам құқықтарын сақтауға адалдығын білдіре отырып, осы Дербес деректерді жинау және өңдеу кезіндегі құпиялылық саясатын (бұдан әрі – «Саясат») әзірледі.

1.2. ЖБДҰО-ның интернет-ресурстарын, сайттарын, өзге де сервистерін (бұдан әрі – «Сервис») пайдалану жөніндегі саясат Пайдаланушы келісімінің ажырамас бөлігі болып табылады және Пайдаланушы келісіміне қосылған барлық Пайдаланушыларға қатысты қолданылады. ЖБДҰО осы Саясатқа өзгертілген редакциясын ЖБДҰО сайтында орналастыру және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жариялау арқылы өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады. Мұндай өзгерістер мен толықтырулар Пайдаланушы оларды қабылдау туралы тиісті батырманы Сервис функционалы шеңберінде басқаннан кейін немесе егер олар жарияланған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн өткеннен кейін Пайдаланушы Сервисті пайдалануды жалғастырса, қабылданды деп есептеледі. Осы Саясаттың қолданыстағы редакциясы ЖБДҰО сайтында мына сілтеме бойынша орналастырылған: <https://enic-kazakhstan.edu.kz/>

1.3. Осы Саясатта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар, егер Саясатта өзгеше айқындалмаса, Пайдаланушы келісіміндегідей мағынаға ие.

1.4. Осы Саясаттың мақсаты Пайдаланушыларды дербес деректерді жинау мен өңдеудің мақсаттары туралы, Сервистерді пайдалану шеңберінде Пайдаланушылардың қандай дербес деректері жиналатыны және өңделетіні туралы және ЖБДҰО-ның Пайдаланушылардың дербес деректерін қорғау бойынша қолданатын шаралары туралы хабардар ету болып табылады.

1.5. Осы Саясат тек Сервистерге және олар арқылы жиналатын ақпаратқа ғана қолданылады. Ол басқа ешқандай қосымшалар мен ресурстарға таралмайды және үшінші тұлғалардың веб-қосымшаларына немесе өзге де қосымшаларына қолданылмайды.

2. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

2.1. Пайдаланушылардың дербес деректерін жинау және өңдеу Пайдаланушы келісімін орындау, Пайдаланушыға Сервистерді ұсыну, оның ішінде оған Сервистерді пайдалануға қатысты хабарламалар, ақпарат жіберу, сондай-ақ Пайдаланушыдан келіп түскен сұрау салуларды өңдеу, Пайдаланушыны Пайдаланушы келісіміне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгені туралы хабардар ету, ұсынылатын Сервистердің сапасын жақсарту, жаңа Сервистерді әзірлеу және ұсыну, сондай-ақ ЖБДҰО-ның қолданыстағы заңнамаға сәйкес құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мақсатында жүзеге асырылады.

2.2. Сервистерді ұсыну шеңберінде ЖБДҰО дербес деректердің мынадай санаттарын жинап, өңдей алады:

- **Пайдаланушы Сервистерге тіркелу және оларды пайдалану кезінде ұсынатын деректер:** Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефонының нөмірі, білімі туралы деректер және қызмет көрсету үшін қажетті өзге де мәліметтер.

- **Сервистерді пайдалану кезінде автоматты түрде жиналатын деректер:** IP-мекенжайы, cookie файлдарынан алынған ақпарат, браузер және операциялық жүйе туралы деректер, кіру күні мен уақыты, сұратылған беттердің мекенжайлары және өзге де техникалық ақпарат.

2.3. Дербес деректерді сақтауды ЖБДҰО Қазақстан Республикасының аумағында оларды жинау және өңдеу мақсатына жету үшін қажетті мерзім ішінде және көрсетілген Пайдаланушы келісімінің қолданысы тоқтатылғаннан кейін үш жыл бойы жүзеге асырады, егер қандай да бір қолданыстағы заңнамада қысқа мерзім белгіленбесе.

2.4. Пайдаланушы дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісімін кері қайтарып ала алады. Келісімді кері қайтарып алу Пайдаланушы келісімін тоқтата тұруына немесе тоқтатылуына әкеп соғуы мүмкін. Келісімді кері қайтарып алу үшін Пайдаланушы ЖБДҰО мекенжайына жазбаша өтініш беруі қажет.

3. ҚҰПИЯЛЫҚТЫ САҚТАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

3.1. Пайдаланушылардың дербес деректері құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады.

3.2. ЖБДҰО заманауи технологияларға және ішкі рәсімдерге ие және дербес деректерді бөгде араласудан, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттерінен, оны өзгертуден, жария етуден немесе жоюдан қорғауға бағытталған барлық іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

3.3. Сервистер Пайдаланушы мен Сервистер арасында интернет желісінде деректерді TLS v1.2 криптографиялық хаттамасын пайдалана отырып, HTTPS қорғалған хаттамасы бойынша беруді қамтамасыз етеді.

3.4. Пайдаланушылардың дербес деректеріне қол жеткізу тек сол ақпарат қызметтік міндеттерін орындау үшін қажет болатын ЖБДҰО қызметкерлеріне ғана беріледі.

3.5. Дербес деректермен жұмыс істейтін барлық ЖБДҰО қызметкерлері құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дербес деректерді өңдеу саласындағы қолданыстағы заңнамасының нормалары мен талаптарын бұзған жағдайда ықтимал тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілік туралы ескертілген.

4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА БЕРУ

4.1. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мынадай санаттарына жүргізіледі:

- **Мемлекеттік органдарға** олардың өкілеттіктері шеңберінде және заңды сұрау салулар негізінде.

- **Серіктестерге және қызметтерді жеткізушілерге**, олар ЖБДҰО-ға техникалық қолдау, хостинг, аналитика қызметтерін немесе Сервистердің жұмыс істеуі үшін қажетті өзге де қызметтерді көрсетеді. Мұндай тұлғаларға деректерді беру деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді қамтитын шарттар негізінде жүзеге асырылады.

4.2. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға берген жағдайда, ЖБДҰО оларды рұқсатсыз пайдаланудан қорғау бойынша барлық рұқсат етілген шараларды қабылдайды және оларды осы Саясаттың ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға міндеттенеді.

4.3. Жоғарыдағы 4.1, 4.2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, Пайдаланушы өз деректерінің Интернет арқылы берілетінін және ЖБДҰО Пайдаланушы беретін деректердің абсолютті қауіпсіздігіне кепілдік бермейтінін сезінеді. Кез келген деректерді беруді Пайдаланушы өз тәуекеліне ала отырып жасайды.

5. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

5.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Пайдаланушының мынадай құқықтары бар:

- ЖБДҰО-да өзінің дербес деректерінің бар екендігі туралы ақпарат алуға, сондай-ақ олармен танысуға.
- Тиісті құжаттармен расталған негіздер болған кезде ЖБДҰО-дан өзінің дербес деректерін өзгертуді және толықтыруды талап етуге.
- Егер олар толық емес, ескірген, нақты емес немесе заңсыз алынған болса, өз дербес деректерін бұғаттауды немесе жоюды талап етуге.
- Осы Саясаттың 2.4-тармағында көрсетілген тәртіппен дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алуға.
- ЖБДҰО-ның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) уәкілетті органға немесе сот тәртібімен шағымдануға.

6. СООКІЕ ФАЙЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

6.1. ЖБДҰО Сервистері сайттың жұмысын жақсарту, оның функционалдығын қамтамасыз ету, контентті дербестендіру және аналитикалық ақпаратты жинау үшін cookie файлдарын пайдаланады.

6.2. Сервистерді пайдалануды жалғастыра отырып, Пайдаланушы cookie файлдарын пайдалануға келісім береді. Пайдаланушы cookie файлдарын пайдалануды өз браузерінің баптаулары арқылы басқара алады. Cookie файлдарын өшіру кейбір Сервистердің функционалдығын шектеуге әкелуі мүмкін.

7. ДЕРЕКТЕРДІ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ БЕРУ

7.1. Дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректер

субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз ететін елдерге ғана жүзеге асырылады.

7.2. Барабар қорғауды қамтамасыз етпейтін мемлекеттердің аумағына дербес деректерді беру тек Пайдаланушының келісімі болған жағдайда немесе заңнамада және ҚР халықаралық шарттарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

8.1. Сіздің дербес деректеріңізді өңдеуге байланысты барлық мәселелер бойынша, сондай-ақ өз құқықтарыңызды іске асыру үшін сіз cbpiam@n-k.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша хабарласа аласыз немесе сайтта көрсетілген ЖБДҰО-ның ресми мекенжайына жазбаша өтініш жібере аласыз.

**ПОЛИТИКА КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ ПРИ СБОРЕ И ОБРАБОТКЕ
ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**

Астана, 2025 г.

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. РГП на ПХВ «Национальный Центр развития высшего образования» МНВО РК (далее – НЦРВО), осознавая важность сохранения конфиденциальности персональных данных Пользователей и выражая приверженность соблюдения прав человека, разработало настоящую Политику конфиденциальности при сборе и обработки персональных данных (далее – «Политика»).

1.2. Политика по использованию интернет-ресурсов, сайтов, иных сервисов НЦРВО (далее - «Сервис») является неотъемлемой частью Пользовательского соглашения и применяется в отношении всех Пользователей, присоединившихся к Пользовательскому соглашению. НЦРВО может внести изменения и/или дополнения в настоящую Политику путем размещения на сайте НЦРВО и/или опубликования в средствах массовой информации (СМИ) измененной редакции Политики. Такие изменения и дополнения считаются принятыми Пользователем после нажатия соответствующей кнопки об их принятии в рамках функционала Сервиса либо если по истечении 7 (семи) календарных дней с даты их опубликования Пользователь продолжает пользоваться Сервисом. Действующая редакция настоящей Политики размещается на сайте НЦРВО по следующей ссылке: <https://enic-kazakhstan.edu.kz/>

1.3. Термины и определения, используемые в настоящей Политике, имеют то же значение, что и в Пользовательском соглашении, если иное не определено Политикой.

1.4. Целью настоящей Политики является информирование Пользователей о целях сбора и обработки персональных данных, о том какие персональные данные Пользователей собираются и обрабатываются в рамках пользования Сервисами, и применяемых НЦРВО мерах по защите персональных данных Пользователей.

1.5. Настоящая Политика распространяется только на Сервисы и собираемую через них информацию. Она не распространяется ни на какие другие приложения и ресурсы и не применима к веб-приложениям или иным приложениям третьих лиц.

2. СБОР И ОБРАБОТКА ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

2.1. Сбор и обработка Персональных данных Пользователей осуществляется в целях исполнения Пользовательского соглашения, предоставления Сервисов Пользователю, в том числе направления ему уведомлений, информации, касающихся использования Сервисов, а также обработки запросов от Пользователя, информирования Пользователя о внесении изменений и/или дополнений в Пользовательское соглашение, улучшения качества предоставляемых Сервисов, разработки и предложения новых Сервисов, а также осуществления НЦРВО прав и обязанностей в соответствии с применимым законодательством.

2.2. В рамках предоставления Сервисов НЦРВО может собирать и обрабатывать следующие категории Персональных данных:

- Данные, предоставляемые Пользователем при регистрации и использовании Сервисов: Фамилия, имя, отчество (при его наличии), индивидуальный идентификационный номер (ИИН), адрес электронной почты, номер контактного телефона, данные об образовании и иные сведения, необходимые для оказания услуг.

- Данные, собираемые автоматически при использовании Сервисов: IP-адрес, информация из файлов cookie, данные о браузере и операционной системе, дата и время доступа, адреса запрашиваемых страниц и иная техническая информация.

2.3. Хранение Персональных данных осуществляется НЦРВО на территории Республики Казахстан в течении срока, необходимого для достижения цели их сбора и обработки по Пользовательскому соглашению и трех лет после прекращения действия указанного Пользовательского соглашения, если более короткий срок не установлен каким-либо применимым законодательством.

2.4. Пользователь может отозвать свое согласие на сбор и обработку Персональных данных. Отзыв согласия может повлечь приостановление или прекращение Пользовательского соглашения. Для отзыва согласия Пользователю необходимо подать письменное заявление в адрес НЦРВО.

3. МЕРЫ БЕЗОПАСНОСТИ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ДЛЯ СОХРАНЕНИЯ КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ

3.1. Персональные данные Пользователей являются конфиденциальной информацией и охраняются законодательством Республики Казахстан.

3.2. НЦРВО обладает современными технологиями и внутренними процедурами и осуществляет все действия, направленные на защиту Персональных данных от постороннего вмешательства, несанкционированных попыток доступа к информации, ее изменения, раскрытия или уничтожения.

3.3. Сервисы обеспечивают защиту передаваемых данных между Пользователем и Сервисами в сети интернет по защищенному протоколу HTTPS, используя криптографический протокол TLS v1.2.

3.4. Доступ к Персональным данным Пользователей предоставляется только тем работникам НЦРВО, которым эта информация необходима для исполнения своих служебных обязанностей.

3.5. Все работники НЦРВО, работающие с Персональными данными, подписывают обязательство о неразглашении конфиденциальной информации, а также предупреждены о возможной дисциплинарной, административной, гражданско-правовой и уголовной ответственности в случае нарушения норм и требований действующего законодательства Республики Казахстан.

4. ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ ТРЕТЬИМ ЛИЦАМ

4.1. Передача Персональных данных третьим лицам производится в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, а также следующим категориям третьих лиц:

- Государственным органам в рамках их полномочий и на основании законных запросов.
- Партнерам и поставщикам услуг, которые оказывают НЦРВО техническую поддержку, услуги хостинга, аналитики или иные услуги, необходимые для функционирования Сервисов. Передача таким лицам осуществляется на основании договоров, содержащих обязательства по обеспечению конфиденциальности и безопасности данных.

4.2. В случае предоставления Персональных данных третьим лицам НЦРВО предпринимает все допустимые меры по их защите от несанкционированного использования и обязуется использовать их согласно положениям данной Политики и законодательства Республики Казахстан.

4.3. Невзирая на положения пунктов 4.1, 4.2 выше, Пользователь осознает, что его данные передаются через Интернет, и НЦРВО не гарантирует абсолютную безопасность передаваемых Пользователем данных. Любая передача данных совершается Пользователем на собственный риск.

5. ПРАВА ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ

5.1. В соответствии с законодательством Республики Казахстан, Пользователь имеет право:

- Получать информацию о наличии у НЦРВО своих Персональных данных, а также знакомиться с ними.
- Требовать от НЦРВО изменения и дополнения своих Персональных данных при наличии оснований, подтвержденных соответствующими документами.
- Требовать блокирования или уничтожения своих Персональных данных в случаях, если они являются неполными, устаревшими, неточными или незаконно полученными.
- Отозвать свое согласие на сбор и обработку Персональных данных в порядке, указанном в п. 2.4 настоящей Политики.
- Обжаловать действия (бездействие) НЦРВО в уполномоченный орган или в судебном порядке.

6. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФАЙЛОВ СООКІЕ

6.1. Сервисы НЦРВО используют файлы cookie для улучшения работы сайта, обеспечения его функциональности, персонализации контента и сбора аналитической информации.

6.2. Продолжая использовать Сервисы, Пользователь соглашается с использованием файлов cookie. Пользователь может управлять использованием файлов cookie через настройки своего браузера. Отключение

cookie может привести к ограничению функциональности некоторых Сервисов.

7. ТРАНСГРАНИЧНАЯ ПЕРЕДАЧА ДАННЫХ

7.1. Трансграничная передача Персональных данных на территорию иностранных государств осуществляется только в страны, обеспечивающие адекватную защиту прав субъектов персональных данных, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

7.2. Передача Персональных данных на территорию государств, не обеспечивающих адекватную защиту, может осуществляться только при наличии согласия Пользователя или в иных случаях, предусмотренных законодательством и международными договорами РК.

8. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ И КОНТАКТНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

8.1. По всем вопросам, связанным с обработкой ваших Персональных данных, а также для реализации своих прав, вы можете обратиться по адресу электронной почты: **cbpiam@n-k.kz** или направить письменное обращение по официальному адресу НЦРВО, указанному на сайте.